Нартай Ажар Нартайқызының
6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Тақырып: Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын басшылыққа ала отырып, әдеби шолу, нормативтік-салыстырмалы талдау, прецеденттер мен статистикалық деректер негізінде геномның Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәртебесін айқындау, геномдық құқықтық қатынастардағы тәуекелдер мен талдау құралдарын көрсете отырып, реттеу аясын нақтылау.

Зерттеудің міндеттері: Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеу міндеттері айқындалды:

- Әдебиеттік шолу деректеріне сүйене отырып, геномдық-құқықтық қатынастардың көрініс беретін салаларын анықтау - тиісті талдау 1.1-бөлім нәтижесінде ұсынылған;
- Әдебиеттік шолу деректеріне сүйене отырып, геномдық құқықтық қатынастардағы объектілер жүйесін анықтау – сәйкес талдау 1.2-бөлімнің нәтижесінде ұсынылған;
- Әдебиеттік шолу деректеріне сүйене отырып, геномдық-құқықтық қатынастарға қатысатын субъективті құрамды анықтау – тиісті талдау 1.3-бөлімнің нәтижесінде ұсынылған;
- Салыстырмалы талдау әдістемелері негізінде геномдық-құқықтық қатынастардың халықаралық-құқықтық реттелу векторын зерттеу – тиісті талдау 2.1- бөлімде ұсынылған;
- Салыстырмалы талдау әдістемелері негізінде әлемнің әртүрлі елдеріндегі геномдық құқықтық қатынастарды нормативтік реттеудің салыстырмалы-құқықтық хронологиялық талдауын жүргізу – тиісті талдау 2.2-бөлімде ұсынылған;
- Салыстырмалы талдау әдістемелері негізінде Қазақстанның геномдық құқықты реттеу моделіне баға беру және оны нормативтік бағытта дамыту бойынша ұсынымдар ұсыну – тиісті талдау 2.3-бөлімде ұсынылған;
- Прецеденттік талдау негізінде барлық прецеденттерге тән және оларды байланыстыратын ортақ қағиданы анықтау – тиісті талдау 3.1-бөлімде ұсынылған;
- Корреляциялық-статистикалық талдау негізінде Қазақстан Республикасындағы геномдық құқықтың нормативтік бағытын және оған байланысты проблемалық мәселелерді анықтау – тиісті талдау 3.2-бөлімде ұсынылған;
- Көпвекторлы құрылымдау әдістемелері негізінде құқық пен биоэтика нормаларына сүйене отырып, геномның статусын талдау

механизмдерін және оған қатысты нормативтік актіні ұсыну – 3.3-бөлімде ұсынылған;

Зерттеудің әдістемелік негізі. Зерттеу барысында ғылыми әдіснамаға қойылатын талаптар барынша сақталды. Геномға қатысты құқықтық қатынастардың күрделілігі мен көп қырлылығы жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістерді кешенді қолдануды талап етті. Жалпы, зерттеу құралдары екі түрге жіктелді. Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында әдебиеттерге шолу жасау барысында дедукция, индукция және абстракция арқылы жүзеге асырылатын кросс-секциялық әдіс қолданылды. Биоэтика, медициналық және геномдық құқық саласындағы зерттеулер мұқият зерттелді. Қазақстан бойынша деректер монографиялар, диссертациялар мен ғылыми мақалалар негізінде ғана емес, сонымен қатар гранттық қаржыландыру жобаларының жеке тіркеу нөмірлерін көрсете отырып, ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығының дерекқорында тіркелген жұмыстарды пайдалана отырып талданды.Таяу шет елдердің дереккөздері РИНЦ, CrossRef, Hyundai, Springer, Calameo, Sherpa Romeo, Index Copernicus базаларынан алынған мәліметтермен толықтырылды. Алыс шетелдердің дерек көздерін талдау үшін Elsevier/Scopus, Web of Science және PubMed сияқты халықаралық ғылыми мәліметтер базасы қолданылды. Әр бөлімге сәйкес әдеби талдау деректері өзекті аймақтарға сәйкес аумақтық принцип бойынша қатаң сараланды. Бірінші тараудың бірінші бөлімінде көрсетілген гендік инженерия объектілерінің таралу секторын зерттеу бөлігінде таяу шет елдердің дереккөздері ретінде 10 ел келтірілген: Өзбекстан, Қырғызстан, Якутия, Моңғолия, Қалмақия, Татарстан, Башқұртстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Түрікменстан, ал алыс шет елдердің дерекөздері ретінде келесі 10 елден зерттеулер келтірілген: Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Тайланд, Малайзия, Филиппин, Гонконг, Макао және Камбоджа. Бірінші тараудың екінші бөлімінде көрсетілген гендік инженерия объектілерін зерттеу бөлігінде Дағыстан, Ингушетия, Шешенстан, Қарашай-Черкесия, солтүстік Осетия, Кабардино-Балқария, Адыгей, Грузия, Әзірбайжан және Армения сияқты елдерді қоса алғанда, Кавказ аймағының 10 елінен зерттеулер таяу шет елдердің қайнар көзі ретінде таңдалды алыс шет елдердің қайнар көздері Африка және Таяу Шығыс аймағының 10 елінен алынды: Бахрейн, Оман, Катар, Марокко, Сауд Арабиясы, Йемен, Кувейт, Тунис, Эфиопия және Уганда. Бірінші тараудың үшінші бөлімінде көрсетілген геномдық құқықтық қатынастар субъектілерін зерттеу бөлігінде Ресей, Беларусь, Украина, Литва, Латвия, Эстония, Молдова, Словения, Словакия және Болгария мысалында посткеңестік мемлекеттерінің Словян аймақтарының 10 елінен дереккөздер таяу шет елдер ретінде таңдалды, алыс шет елдердің дерек көздері ретінде Бразилия, Колумбия, Аргентина, Мексика, Венесуэла, Панама, Перу, Эквадор, Португалия және Парагвай мысалында латын әлемінің 10 елінің мәліметтері іріктеліп алынды.

Статистикалық деректермен жұмыс істеу барысында, екінші тараудағы қорытындыға сүйене отырып, үшінші тарауда корреляциялық статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Белгілі бір таңдама шеңберінде нақты когорттарды бөліп көрсету арқылы, параметрлерді дихотомиялық түрге жүйелеу жүргізілді, ал алынған нәтижелер сандық мәндерге сәйкес сүзгіден

өткізілді. Статистикалық деректермен жұмыс істеу барысында, екінші тараудағы қорытындыларға сүйене отырып, үшінші тарауда корреляциялық статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Белгілі бір таңдама шеңберінде нақты когорттарды бөліп көрсету арқылы параметрлер дихотомиялық типке сәйкес жүйеленіп, алынған нәтижелер сандық мәндерге сәйкестендіріліп сүзгіден өткізілді. Таңдама геномдық-құқықтық қатынастарға тікелей қатысы бар және осы салада нақты позициялары бар тұлғалардың жекелеген санаттарына бағытталды. Атап айтқанда, зерттеуге Invivo, Olymp және Гемотест зертханаларының қызметкерлері (100 адам), неонатология, эмбриология және экстракорпоральды ұрықтандыру саласындағы медицина қызметкерлері (100 адам), генетика, биология және ұқсас пәндер бойынша сабақ беретін педагогтер (100 адам), генетикалық материалдармен жұмыс жүргізетін сараптама бөлімдерінің құқық қорғау органдарындағы қызметкерлері (100 адам), сондай-ақ осыған қатысты тәжірибесі бар пациенттер (100 адам) қамтылды. Сауалнама жүргізу барысында этикалық талаптар қатаң сақталды, респонденттердің құқықтары бұзылмай, олардың құпиялылығына толық кепілдік берілді. Барлық сауалнамалар респонденттердің қолтаңбасы қойылған қағаз тасығыштарда және жалпы коэффициенттер тіркелген электрондық форматта сақталған. Сонымен қатар, үшінші тарауда шетелдік және қазақстандық бірқатар прецеденттер қарастырылған спектралды прецеденттік талдау әдісі де қолданылды. Алайда зерттеудің заңдылық қағидатының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында диссертант Қазақстанның сот кабинетіндегі деректерді құпия түрде сақтап, тек қана жаңалықтық шолулармен шектелді. Үшінші тараудың соңында зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын арттыратын авторлық механизмдер әзірленіп, ұсынылды. Осылайша, қолданылған әдістеме диссертантқа зерттеу мақсатына кезең-кезеңімен, әрбір міндетті өз ретімен орындау арқылы кешенді әрі көпқырлы түрде жетуге толық мүмкіндік берді, әрі барлық міндеттер өзара логикалық байланыста іске асырылды.

Қорғауға ұсылылатын тұжырымдар. Геномдық құқықтық қатынастар жүйесі — бұл гендік инженерия, биотехнология және жаратылыстану ғылымдарының кейбір қолданбалы институттарына тиесілі объектілер мен субъектілер спектрі. Олар синтезделе отырып, тек жекелеген геномдық операциялар санаттарын ғана емес, сонымен қатар әрбір азамат немесе ұйым күнделікті өмірде немесе мамандандырылған сценарийлерде кездесетін элементтердің кең ауқымын білдіреді. Бұл тұжырым диссертацияның бірінші тарауының нәтижесі болып табылады.

Қазақстанда геномдық құқық нормативтік тұрғыда бейберекет және жүйесіз дамуда. Қазақстан Республикасында биохакерлікке қарсы нормалар тек бір жағдайда — адамды клондауға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі нормаларда ғана көрініс тапқан. Алайда, бұл санкция белгіленгенімен, оның диспозициялық бөлігі жоқ. Осыдан Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық қатынастардың жұмыс істеу жүйесін қамтитын арнайы нормативтік-құқықтық акт қажет деген логикалық қорытынды жасауға болады. Бұл тұжырым диссертацияның екінші тарауының нәтижесі болып табылады.

Практикалық саладағы прецеденттер мен мамандандырылған сауалнамалар нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы геномдық құқықтың азаматтық-құқықтық бағыттылығы басым екендігін анықтауға болады. Бұл ерекшелік геномдық құқықта мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығының болуына байланысты, атап айтқанда міндеттемелік құқықтың, шарттық құқықтың, авторлық құқықтың элементтері, сондай-ақ жекелеген әрекеттер мен әрекетсіздіктерге қатысты азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы қатынастардың тәртібі диспозициялық нормалар негізінде белгіленген. Бұл тұжырым диссертацияның үшінші тарауының нәтижесі болып табылады.

Зерттеудің негізгі нәтижиелері: Диссертацияның тоғыз тармағында тоғыз міндет бойынша нәтижелер көрсетілген.

1. Қазіргі уақытта геномдық құқық элементтері тек мамандандырылған әрекеттерде ғана емес, сонымен қатар әр азаматтың немесе ұйымның күнделікті өмірінде де кездеседі. (1.1 бөлім)
2. Қазіргі уақытта геномдық құқық объектілері өз түрлері, типтері, формаларына сәйкес нақты жіктеліп, осы саладағы белгілі бір зерттеулермен тығыз байланысты болып табылады. (1.2-бөлім)
3. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы геномдық құқық субъектілерінің мемлекеттік тізілімдерде тіркелген қызмет түрлеріне сәйкес нақты жүйеленуі бар. (1.3 бөлім)
4. Халықаралық құқықтық сипаттағы механизмдерді талдай отырып, халықаралық құқықтық кеңістікте Адам геномы, клондау және геномдық операцияларды терапевтік мақсатта қолдану мәселелеріне ерекше вектор берілгенін атап өткен жөн. (2.1 бөлім)
5. Геномдық қатынастарды құқықтық реттеу-бұл ғылыми жаңалықтарға жедел жауап беретін динамикалық сала. Мұндай нормалардың алғашқы буындары 2018-2025 жылдар кезеңінде қалыптаса бастады, мұнда нормалар қоғамды ғылыми — техникалық прогрестің ықтимал тәуекелдерінен қорғауға бағытталған. (2.2 бөлім)
6. Қазақстанда геномдық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесі санкция тұрғысынан қазіргі заманғы талаптарға жауап береді және тиімді іске асырылуда. Бұл геномдық құқық объектілері мен субъектілері жүйесін санаттарға бөлу үшін диспозиция нормаларын күшейтуді талап етеді. (2.3 бөлім)
7. Көптеген прецеденттердің жалпы қағидасы адам геномына қатысты зерттеулер мен материалдарды пайдалану кезінде адамның қадір-қасиетін, жеке меншігін, еркін келісімін және денсаулығын қорғаудың басымдығы болып табылады. (3.1 бөлім)
8. Зерттеу барысында респонденттердің едәуір бөлігі бұл қатынастарды нақты азаматтық-құқықтық механизмдер арқылы диспозицияның нақты формасымен реттеу қажет деп санайтыны анықталды. (3.2 бөлім)
9. Диспозитивті нормалар тұрғысынан Қазақстанда геномның мәртебесін реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық акт, сондай-ақ оған байланған іс-әрекеттер мен әрекетсіздіктерді реттейтін нақты авторлық құқықтық анализатор қажет. Мұндай анализаторда тек құқықтар ғана емес, сонымен қатар биоэтикалық нормалар да қарастырылуы керек. (3.3 бөлім)

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеудің жаңалығы тек геномдық құқық объектілері, субъектілері және элементтерінің айқын жүйеленуінде ғана емес, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілерді кластерлік салыстыру негізінде сот прецеденттерінің спектрлік талдауында да жатыр. Бұл Қазақстан Республикасының геномдық құқық қатынастарын реттейтін қолданыстағы заңнамасының күшті және әлсіз тұстарын нақты әрі негізді түрде талдап, геномдық қатынастарды реттеу керек құқық саласының бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы. Жоғарыда көрсетілгендей, геномдық құқықтық қатыныстар тек ірі зерттеу корпарацияларын ғана емес, сонымен қатар жекелеген адамдар мен қоғамды да қамтиды. Қазіргі уақытта гендік инженерия жеке елдерде ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемде құқықтың серпінді дамып келе жатқан саласы болып табылады. Гендік инженерияның қарқынды дамып келе жатқанын назарға ала отырып, Қазақстанның құқықтық мемлекет статусын алға тартып, мемлекет қызметінің тиімділігі құқықтық позициясының болуымен сипатталатынын атап өткеніміз жөн.

Мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымды дамыту бағыттарына сәйкестігі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кеңістігінде «Гендік инженерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр, ол туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі №1012 қаулысы бар. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №149 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында медико-генетикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты» бекітілген. Жақында геномдық және дактилоскопиялық тіркеу туралы заң қабылданды. Қылмыстық кодекске адамды клондау мәселесіне қатысты арнайы бап енгізілді.

Докторанттың әр жариялымға қосқан үлесі. Қазіргі уақытта докторанттың 11 ғылыми жарияланымы бар. Олардың ішінде 2019 жылы SCOPUS ғылыми дерекқорында жарияланған бір мақала бар — «Issues of Legal Identification of the Status of the Human Genome» («Адам геномының мәртебесін құқықтық тұрғыдан айқындау мәселелері») атты мақала «Opcion» журналында (35-том, 88-нөмір, 253–279 беттер) жарық көрген. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласын бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалар саны — 9. Сонымен қатар екі конференция материалдарында жарияланған тезистері бар. Барлық мақалалар диссертанттың жеке авторлығымен жазылған, және осы мақалалар негізінде ғылыми жетекшілерімен бірлесіп бірнеше гранттық жобаларға өтінімдер берген. Бұдан бөлек, осы жарияланымдардың нәтижелері бойынша докторант геномдық құқық саласындағы халықаралық ұйымдарда бірқатар баяндамалар жасап, Канададағы Макгилл университеті жанынан құрылған «Genomic Discrimination Observatory» ұйымында Қазақстан атынан халықаралық сарапшы болып табылады.